

124-П бұйрыққа өзгерістер енгізу туралы

Бұйрық Қазақстан Республикасы Кеден комитеті 1996 жылғы 28 қазан N 217-П Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 13 желтоқсанда N 26 тіркелді

Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің 1995 жылғы 25 қыркүйектегі N 124-П бұйрығының 9 тармағында көзделген есеп беру нысанын қолданудың мақсатқа сай келмейтіндігіне байланысты, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" жарлығының 109-бабында тауарларды кедендік қорғасын және жай мөртаңбалармен тасымалдау үшін көлік құралдарына (контейнерлерге) рұқсат ету туралы куәлік беру үшін алымдардың көзделмегенін ескере отырып, бұйырамын:

1. Төмендегілердің күші жойылған болып есептелінсін:

- Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің "Тауарларды кедендік қорғасын және жай мөртаңбалармен тасымалдау үшін көлік құралдарын (контейнерлерді) жабдықтау ережелеріне қатысты қалыпты актілерді бекіту туралы" N 124-П бұйрығының 9-тармағы ;

- Тауарларды кедендік қорғасын және жай мөртаңбалармен тасымалдау үшін көлік құралдарына (контейнерлерге) рұқсат ету тәртібі туралы нұсқаудың 2.7.-2.9. - тармақтары .

- Рұқсат ету тәртібі туралы нұсқаудың 6.7-тармағының екінші абзацы;

- Рұқсат ету тәртібі туралы нұсқаудың 11.9-тармағы.

Т ө р а ғ а